



«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымның I-II томдарының аннотацияланған библиографиялық көрсеткіші әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған. I-XXXV томдарының аннотацияланған библиографиялық көрсеткіші осы сериялық басылымның XXXV томында, XXXVI-LI томдарының аннотациялы библиографиялық көрсеткіші LI томында жарияланған. Көп томдық басылымның аннотациялы библиографиялық толық көрсеткіші университеттің вебсайтында жарияланды. Көп томдық басылымның аннотациялы библиографиялық толық көрсеткішін дайындаған Абай ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері: Б.Баязитов, Б.Даутова.



Хәкім Абай – күллі адамзатқа ортақ дара ой алыбы. Дана тағылымын жастардың бойына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғаныстарын кеңінен дәріптеу мақсатында барша Абайсүйер оқырман үшін «Қазақ университеті» баспа үйі 50 томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» жинағын шығарып, ұлы тұлғаның ғұмырнамасы мен туындылары жайлы еңбектерді бір арнаға тоғыстырған болатын. Аталмыш серияның жалпы редакциясын басқарған – филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылым ғылыми қызметкерлер мен ізденушілерге, тілшілер мен әдебиетшілерге, оқытушылар мен оқушыларға, Абай тілінің байлығына терең бойлағысы келетін көпшілік қауымға арналған.

Көптомдық еңбек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған.


«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». I том. Ойлар мен толғаныстар.


Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

I том ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Сондай-ақ, кітапқа Қ.Ысқақұлы, М.Әуезов, Т.Құнанбаев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, Қ.Жұбанов және т.б. көрнекті тұлғалардың Абай жайлы ой-толғаныстары енген.

ISBN 978-601-04-1282-8 | 2015 | A5 | 210 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша






«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». II том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

II том Мұхтар Әуезовтің «Абайдың өмірбаяны» атты еңбегімен ашылған. Кітапқа абайтану саласында 1940-1960 жыл аралығында жарық көрген Қ.Бекқожин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, Ә. Тәжібаев, М.Қаратаев және т.б. көрнекті тұлғалардың ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

978-601-04-1283-5 | 2015 | А5 | 264 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». III том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

III томға абайтану саласында 1960-1980 жыл аралығында жарық көрген зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген: Ә.Марғұлан «Абай қолжазбасы», А.Машанов «Ұлы ұстаз Абай», Ә.Нұршайықов «Шұғылалы шумақтар», З.Ахметов «Өлең өрнектер», З.Қабдолов «Абайдың ақындығы», Т. Кәкішев «Абайдың сатирасы», Р.Бердібаев «Кемеңгерлік келбеті», Ә.Дербісәлин «Қазақ поэмасының тарихынан» және т.б.

ISBN 978-601-04-1284-2 | 2015 | А5 | 272 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». IV том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

IV томға абайтану саласында 1960-1980 жыл аралығында жарық көрген зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген: Б. Кенжебаев «Абай Құнанбайұлы», М. Мағауин «Абайдың белгісіз әңгімесі», Ш.Елеуқенов «Абайдың эпистолярлық романы», Р. Сыздықова «Абай тілінің зерттелуі», Ж. Ысмағұлов «Абай аудармаларындағы Пушкин», С.Байжанов «Абайға қатысты кейбір архив деректері», Ә.Нарымбетов «Сегіз аяқ», Г.Бельгер «Абай мен Гете» және т.б.

ISBN 978-601-04-1285-9 | 2015 | А5 | 279 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». V том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

V томға Абайдың шығармашылығы туралы қоғамдық, гуманитарлық және музыка салаларында жарық көрген зерттеулер, мақалалар енген: А. Жұбанов «Абайдың музыкалық мұрасы», Б.Ерзакович «Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі», С. Күзембаева «Абайдың музыкалық шығармашылығы», М.Ақынжанов «Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы», Л.Әуезова «Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы», Б.Ғабдуллин «Абай және Сократ» және т.б.

ISBN 978-601-04-1286-6 | 2015 | A5 | 283 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». VI том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

VI томда абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектер топтастырылған. Кітап Иманғали Тасмағамб. овтің «Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы» атты кіріспе сөзімен ашылған. Сондай-ақ, Қ.Сұлтанов «Абай – адамзатқа ортақ тұлға», М.Жолдасбеков «Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?», Т.Әсемқұлов «Абайдың ұлы жұмбағы», Қ.Атабаев «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі» атты зерттеулер енген.

ISBN 978-601-04-1680-2 | 2016 | A5 | 299 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». VII том. Ойлар мен толғаныстар.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

VII томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың әдеби мұрасының, даналық ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мәні мен бүгінгі күн үшін маңыздылығы көрсетілген.

ISBN 978-601-04-1681-9 | 2016 | A5 | 307 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». VIII том. Пәнаралық зерттеу.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

VIII томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің нәтижелері көрініс тапқан. Онда Абайдың ілімі, әдеби мұрасы, абайтану тарихы, ақын шығармашылығында негізделген құндылықтардың негіздері, пайымдау мен бағалау жүйесі, білім концепциясы, поэтикасы, шындық және шығармашылық қиял, мазмұн мен пішін секілді мәселелер қоғамның интеллектуалдық және тұрақты дамуымен сабақтас қарастырылған.

ISBN 978-601-04-1712-0 | 2016 | A5 | 279 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». IX том. Пәнаралық зерттеу.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

ISBN 978-601-04-1717-5 | 2016 | A5 | 291 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». X том. Абайдың антропологиясы.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

Профессор Жанғара Дәдебаевтың монографиялық зерттеу еңбегінде Абайдың антропологиясы, Абай шығармашылығындағы адам болмысының көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық мәселелері қарастырылады. Абайдың Адам туралы ілімінің негізі, құрамдас бөлімдері мен бастау көздері, басты категориялары пайымдалады.

ISBN 978-601-04-1797-7 | 2016 | A5 | 269 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XI том. Пәнаралық зерттеу

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он бірінші томында Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы XX ғасырда жазылған бір топ еңбектер берілді. Әр жылдарда жазылған және абайтану саласындағы іргелі мәселелерді пайымдауға арналған ойлар мен толғаныстардың абайтану ғылымының тарихында лайықты орны бар.

ISBN 978-601-04-2257-5 | 2017 | A5 | 298 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XII том. Әуезов М.О. Абайтану мәселелері. Мақалалар

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он екінші томына М. Әуезовтің Абайдың өмірбаяны туралы еңбегінің екінші, үшінші нұсқалары және абайтану мәселелері бойынша әр жылдарда жазған мақалалары берілген. Томға енген еңбектердің ғылыми және танымдық маңызы үлкен.

ISBN 978-601-04-2266-7 | 2017 | A5 | 302 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XIII том. М.О. Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XIII томда М. Әуезовтің «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты іргелі монографиялық еңбегі беріліп отыр. Онда Абайдың өмірі мен шығармашылығы алғаш рет кең әрі келісті зерттелген. Ақынның өмірі мен шығармашылығы, әдеби мұрасының жанрлық құрамы, көркемдік әлемі, мәдениетаралық байланыстары, ақындық айналасы қарастырылған. Абайтану ғылымында М. Әуезовтің бұл еңбегінің орны айрықша үлкен, оның маңызы мен мағынасы терең, ғибраты мол.

ISBN 978-601-04-2269-8 | 2017 | A5 | 264 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XIV том.
С. Мұқанов. Абай Құнанбаев**


Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының он төртінші томында Сәбит Мұқановтың «Абай Құнанбаев» атты монографиялық еңбегі берілген. Автордың Абай шығармашылығы, Абайдың ақындық дүниетанымы туралы пайымдауларында абайтану ғылымы үшін маңызды терең ойлар мен пікірлер мол.

Еңбектің абайтану ғылымында алатын өз орны бар.

ISBN 978-601-04-2302-2 | 2017 | А5 | 254 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XV том.
Қ. Жұмалиев Абай поэзиясының тілі**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XV томда Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты іргелі еңбегі беріліп отыр. Еңбек кезінде автордың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960) кітабында С.Мұқановтың алғы сөзімен жарық көрген. Еңбектің басты құндылығы Абай поэзиясының тілінің көркемдік бейнелеу құралдарын алғаш рет жан-жақты саралап, ғылыми негізде сипаттап беруінде.

ISBN 978-601-04-2303-9 | 2017 | А5 | 248 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XVI том.
Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XVI томда З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиялық еңбегі ұсынылған. Еңбекте Абайдың ақындық тұлғасы, адамгершілік мұраттары, батыс және шығыс мәдениетімен байланыстары, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларымен бағыттас, сарындас ізденістері, шығармашылығының тақырыптық, жанрлық арналары, танымдық, эстетикалық, көркемдік, тағылымдық мәні бүгінгі заман ұғым-түсініктері деңгейінде қарастырылған.

ISBN 978-601-04-2316-9 | 2017 | А5 | 308 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XVII том. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XVII томда Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» еңбегі берілген. Қазақ кеңес әдебиетінің аса көрнекті зерттеушісі, сыншы, ғалым Айқын Нұрқатовтың әдеби мұрасы өте бай. Ғалым бұл кітабында ақын мұрасын жан-жақты талдап, оған барынша ерен, ғылыми баға берген.

ISBN 978-601-04-2327-5 | 2017 | A5 | 276 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XVIII том. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XVIII томға Қ. Мұхамедхановтың Абай шығармашылығы туралы жазылған еңбектері енді. Кітап құрамдас екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Абай шығармаларының текстологиясы жайында сөз болады. Екінші бөлім Абайдың екі томдық толық жинағының (1977) бірінші томына енген өлеңдеріне, дастандарына берілген түсініктемелерден тұрады.

ISBN 978-601-04-2328-2 | 2017 | A5 | 290 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XIX том. Әуезова Л.М. Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XIX томда Л.М. Әуезованың «Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері» атты еңбегі жарық көріп отыр. Кітапта Абайдың өмірі мен заманының М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында бейнелену жолдары пайымдалады. Еңбек бай дерек көздері негізінде жазылған.

ISBN 978-601-04-2610-8 | 2017 | A5 | 276 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XX том. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XX томға Т. Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты монографиялық еңбегі енді. Автор өз еңбегінде Абайдың ақындық өнерінің, талант табиғатының, әлеуметтік-этикалық, философиялық ойларының тереңінде жасырынған «жұмбағын» шешуді мақсат еткен. Еңбекте ақынның әдебиетаралық байланыстары, ақындық өнерінің бастау көздері, көркемдік шеберлігі, аудармашылық өнері, ақындық өнерінің ішкі сыры мен сыртқы қырлары ашылған.

ISBN 978-601-04-4163-7 | 2017 | А5 | 248 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXI том. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

Еңбекте академик-жазушы М. Әуезовтің абайтану негізін қалаудағы күрделі ғылыми зерттеулерінің проблемалық жақтары қарастырылған. Кітап М. Әуезовтің абайтану саласында жарық көрген еңбектері, әсіресе, оның әдеби-мемориалды музейі мен Алматы, Семей, Ташкент, Омбы архивтерінің дереккөздері негізінде жазылды. Академик-жазушының абайтану саласында беймәлім көптеген қолжазбалары мен кейбір зерттеулері алғаш рет архив сөресінен ғылым сарабына түсіп, пайымдалды.

ISBN 978-601-04-2327-5 | 2017 | А5 | 290 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXII том. Ойлар мен толғаныстар

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXII томда «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» тақырыбында өткен ғылыми конференция материалдарының бір тобы берілді. Конференцияға қатысушылардың баяндамалары ғылыми мақала түрінде рәсімделіп, көптомдық басылымның шарттарына сай жинақталды.

ISBN 978-601-04-2741-9 | 2017 | А5 | 294 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXIII том. Ойлар мен толғаныстар

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылым-ының жиырма үшінші томына «Ойлар мен толғаныстар» деген атпен абайтанушы ғалымдардың еңбектері енген. Оларда Абайдың өмірі мен шығармашылығының, көркемдік дәстүрінің маңызды мәселелері қарастырылған.

ISBN 978-601-04-2876-8 | 2017 | A5 | 274 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXIV том. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXIV томда академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы» атты еңбегі берілді. Еңбекте қазақ тілінің Абай қолданған байырғы төл сөздері, ақын мұрасында кездесетін араб-парсы, орыс сөздері қарастырылады. Қазақтың әдеби тіліне Абай қосқан немесе жандандырған жаңа сөздердің сыр-сипаты сараланады.

ISBN 978-601-04-2877-5 | 2017 | A5 | 316 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXV том. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Абайдың сөз өрнегі

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXV томда Р. Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбектері берілді. Бұл еңбектерде Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысының ерекшеліктері, ақынның сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру тәсілдері мен тәжірибесі қарастырылған.

ISBN 978-601-04-2878-2 | 2017 | A5 | 350 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXVI том. Ысмағұлов Ж. Абай. Даналық дәрістері

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXVI томда Ж. Ысмағұловтың «Абай. Даналық дәрістері» атты еңбегі берілді. Ол әуелде «Абай: ақындық тағылымы» (1994) деген атпен жарық көрді, кейін «Абай: даналық дәрістері» (2008) деген атпен жарияланды. Ғылыми-редакциялық кеңестің ұйғаруымен XXVI томға осы басылымдар негізінде ықшамдалып ұсынылды. Еңбекте Абайдың өлеңдері, поэмалары, қарасөздері, аудармалары, ақындық даралығы мен даналығы қарастырылған.

ISBN 978-601-04-2879-9 2017 | A5 | 318 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXVII том. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің...


Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXVII томда жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... сүйесің... (Абай: жан бостандығы немесе рухани тәуелсіздік)» атты іргелі еңбегі беріліп отыр. Абай ілімі – ұлтымыздың ұйыған ақыл-ой парасаты, қазақ елінің адамзаттық парасат пайымына қосқан үлесі. Сол даналық мәйегі қандай танымдық тамырлар арқылы әлемдік көркем ойлау жүйесімен үндестік тапқан?

Міне, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың философиялық еркін ойға құрылған бұл толғанысы – соған жауап іздеген, Абайдың көркемдік жүйесін тосын қырынан талдап, тың тұжырым жасаған түбірлі еңбек.

ISBN 978-601-04-2887-4 | 2017 | A5 | 452 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXVIII том. Абай шығармаларының басылымдарына түсініктер

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXVIII томға Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының (1957, 1977) басылымдарына берілген ғылыми түсініктер енді. Текстологиялық пайымдаулар үшін олардың маңызы үлкен.

ISBN 978-601-04-2888-1 | 2017 | A5 | 298 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXIX том. Ойлар мен толғаныстар

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымының XXIX томына Абайдың шығармашылығы туралы бір топ зерттеулер берілді. Оларда Абайдың шығармашылық мұрасы түрлі ғылым салалары тұрғысынан қарастырылған. Томға енген зерттеулердің ғылыми маңызы бар.

ISBN 978-601-04-2947-5 | 2017 | A5 | 286 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXX том. Мырзахметов М. Абай және Шығыс

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXX томда көрнекті абайтанушы ғалым М. Мырзахметовтің «Абай және Шығыс» монографиялық зерттеуі берілді. Кітапта ұлы ақын нәр алған рухани үш бұлақтың бірі – шығыс мәдениеті, оған Абайдың қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп баяндалады. Абайдың исламият, хауас, жәуанмәртлік, үш сүю, иманигүл, адамгершілік мұраттарына ғылыми талдаулар жасалып, ақындық кітапханасы жайлы мәселе арнайы сөз болады.

ISBN 978-601-04-2958-1 | 2017 | A5 | 294 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXI том. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары. Абай және Әуезов

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXI томға көрнекті абайтанушы ғалым М. Мырзахметовтің «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абай және Әуезов» атты еңбектері енді. Бұл еңбектерде абайтану ғылымының өзекті мәселелері қарастырылған.

ISBN 978-601-04-3040-2 | 2017 | A5 | 406 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXII том.
Әбдіғазиұлы Б. Абай және Шәкәрім әлемі**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXII томға филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазиұлының «Абай және Шәкәрім әлемі» атты еңбегі енді. Ғалымның еңбегінде ұлы ойшыл Абайдың, Абайдың әдеби дәстүрін жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы туралы сөз болады. Автор еңбегін «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» басылымына арнайы ұсынды.

ISBN 978-601-04-3041-9 | 2017 | A5 | 286 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXIII том.
Палтөре Ы.М. Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXIII томда профессор Ы.М. Палтөренің зерттеу еңбегі беріліп отыр. Онда Абай шығармаларының ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерімен сабақтастығы сөз болады. Ақын шығармаларындағы діни астары бар араб сөздері мәнмәтін аясында Құран және хадис мәтіндерімен байланысты қарастырылып, лингвогерменевтикалық талдау жасалады. Ақынның кейбір өлеңдері мен қара сөздерінің астарындағы айтылмақ ой-пікір, мазмұн, түсінік мәселесі пайымдалады.

ISBN 978-601-04-3131-7 | 2017 | A5 | 264 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXIV том.
Ойлар мен толғаныстар**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXIV томда Абайдың өмірбаянына қосымша деректер, мәліметтер, сондай-ақ Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі қызметкерлерінің еңбектері, ойлары мен толғаныстары берілді.

ISBN 978-601-04-3043-0 | 2018 | A5 | 282 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXV том.
Дәдебаев Ж. Абай мұрасын пәнаралық
зерттеу нәтижелері**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXV томда Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеудің басты нәтижелері қорытылып, сараланған. Том кіріспеден, тоғыз бөлімнен және қосымшалардан тұрады. Қосымшаларды Абай институтының қызметкерлері Бақытқожа Баязитов, Алмасбек Мәуленов дайындаған.

ISBN 978-601-04-4162-0 | 2018 | A5 | 270 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXVI том.
Мырзахметов М. Абайтану.
Библиографиялық көрсеткіш**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXVI томға көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» «Абаеведение. Библиографический указатель» атты еңбектері енді. Көрсеткіш Абай мұрасы жөнінде жазылған 1889-1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтиды.

ISBN 978-601-04-3703-6 | 2018 | A5 | 282 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXVII том.
Сыздықова Р. Абай және қазақтың
ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар.**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXVII томда көрнекті ғылым қайраткері Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықованың «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар» атты еңбегі берілді. Онда автордың орталық ғылыми басылымдар мен «Абай» энциклопедиясында жарық көрген ғылыми-теориялық мақалалары топтастырылған. Мақалалар автордың бұған дейін жарық көрген еңбектерінде, көптомдық шығармалар жинағының томдарында жарияланған.

ISBN 978-601-04-4382-2 2019 | A5 | 250 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXVIII том.
Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы.**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXVIII томда Г.Ә.Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы» еңбегі берілді. Онда Абай дискурсының ұлттық таным мен ұлттық рухты танытатын концептуалды жүйесі және прагматикалық деңгейі антропоөзекті, когнитивтік лингвистика аясында талдауға түскен. Абай тілдік тұлғасын ғылыми-лингвистикалық тұрғыда сараптау арқылы оның тілдік әлемінің когнитивтік парадигмасы түзіліп, прагматикалық мәні ашылады. Ол үшін ұлт – тіл – мәдениет, уақыт – кеңістік – адам сабақтастығы басшылыққа алынған.

ISBN 978-601-04-4400-3 | 2019 | А5 | 346 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XXXIX том.
Ойлар мен толғаныстар**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XXXIX томда Абайдың туғанына 100 жыл, 125 жыл толуына арналған сөздер мен мақалалардың таңдамалылары енді. Оларда Абайдың шығармашылық мұрасын тану мен бағалаудың өзекті мәселелері қарастырылған. Абайтану ғылымының тарихында бұл еңбектердің өз орны бар.

ISBN 978-601-04-4501-7 | 2020 | А5 | 225 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




**«Абайтану. Таңдамалы еңбектер». XL том.
Мырзахметұлы М. Абай: Толық адам ілімі**

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XL томға көрнекті абайтанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлының «Абай: Толық адам ілімі» атты еңбегі енді. Еңбекте абайтану ғылымының өзекті мәселелесі қарастырылған.

ISBN 978-601-04-4502-4 | 2020 | А5 | 238 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХІІ том. Картаева А.М. Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бірінші томында А.М. Картаеваның «Абай мен Мұхтар Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық» еңбегі берілді. Зерттеуде Абайдың даналық тағылымының Әуезовтің шығармашылық мұрасында жалғастырылуы қарастырылады. Қазақ әдебиетінің алыптары Абай мен М.Әуезовтің шығармашылық әлеміндегі көркемдік тұтастық, рухани тамырластық, дәстүр сабақтастығының сан сала арналары кеңінен сөз етіледі. Екі дананың ойшылдық, қоғамдық, гуманистік, суреткерлік ортақ қырлары ашылып, дүниетанымының өзектері, эстетикалық танымдары, ой тереңдігі, сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық пен тілдік үйлесімдері арнайы зерттеледі.

ISBN 978-601-04-4682-3 | 2020 | А5 | 382 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХІІІ том. Тарақов Ә.С. Абайдың аудармашылық таланты.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық екінші томында Ә.С. Тарақовтың «Абайдың аудармашылық таланты» еңбегі берілді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Тарақов Абайдың Батыс және орыс ақындарынан аударған туындыларын жан-жақты зерттейді, Шығыс пен батыс әдеби сабақтастығын саралайды. Классиктердің шығармашылық өмір жолымен бірге поэзиясының аудармалары теориялық тұрғыдан терең талданады, Абайдың аудармашылық талантын ерекшелейді. Әр аудармадағы Абайдың ізденісін, балама, сәйкестік табу шеберлігін, аудару тәсілдері мен шешімдерін түпнұсқа мен аударманы салыстыра айқындап, дәлелдейді. Кітап магистранттар мен докторанттарға, жалпы білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4754-7 | 2020 | А5 | 256 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша




Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХІІІІ том. Машанов А. Әл-Фараби және Абай

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық үшінші томында А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» еңбегі берілді. Кітапта автор әл-Фараби мен Абайдың рухани байланысын, даналықтарының түпкі негізін, ілімдерінің әлеуметтік маңызын ашып көрсетеді. Еңбек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шәкірттеріне, ғалымдары мен оқытушыларына, зерттеушілеріне, әл-Фараби мен Абайдың даналығынан үлгі алғысы келген барша талапты жасқа, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-04-4780-6 | 2020 | А5 | 254 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIV том. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы


Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

XLIV томда А.Б. Салқынбайдың «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай поэзиясындағы сөз мағынасы мен мәні мәдени-танымдық бағытта сараланып, лебіздің лингвопоэтикалық сыры зерттеледі. Көркем мәтін семантикалық кеңістігінің негізгі әмбебап сипаты «адам», «уақыт», «кеңістік» тұрғысынан талданып, мәтін мәнінің терең динамикасы, мәтін бүтіндігі мен даралығы айқындалады.

Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4781-3 | 2020 | А5 | 238 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLV том. Ойлар мен толғаныстар


Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық бесінші томында Абайдың шығармашылығы, жаңашыл ойлары мен ағартушылық еңбегі туралы бір топ зерттеулер берілді. Оларда Абайдың шығармашылығы түрлі қырынан қарастырылып, Абайдың діншілдік, жаңашылдық, ағартушылық көзқарастары мен ойлары талданады.

Томға енген еңбектер абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай мұрасын білмекті парыз тұтқан білім алушы, ізденуші жастарға және көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4826-1 | 2020 | А5 | 254 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVI том. Шойынбет Ж. Абай қара сөздерінің ерекшеліктері. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде.


Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық алтыншы томында Абай қарасөздерінің ерекшеліктері, Абайдың өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты архивтік деректер туралы еңбектер берілді. Абай қара сөздерінің жанрлық, стильдік болмысы бүгінгі таным тұрғысынан абайтану саласындағы қол жеткен жетістіктерге сүйене отырып зерттеліп, жаңаша әрі тың ой-пікірлер еңбектің ғылыми ауқымын кеңейтіп, соны бағыттарын аша түскен.

Еңбек студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4890-2 | 2020 | А5 | 228 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVII том. Қасым А. Абай және парсы әдебиеті.

Жалпы ред. басқ. Жанғара Дәдебаев

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық жетінші томында А. Қасымның «Абай және парсы әдебиеті» еңбегі берілді. Зерттеуде Абай мен парсы ақындарының лирикалық өлеңдеріндегі табиғат, философиялық-дидактикалық, адамгершілік-имандылық және ғашықтық тақырыптағы жырларының үндестіктері мен өзгешеліктері сараланды. Абайдың «Ескендір» поэмасы парсы тіліндегі нұсқалармен, «Әзім әңгімесі» мен «Масфұт» поэмалары фольклорлық туынды – «Мың бір түн» негізінде салыстырыла талданып, олардың сюжеттік ұқсастықтары мен өзгешеліктері, кейіпкерлерді бейнелеудегі ерекшеліктері жүйеленді. Кітап зерттеушілерге, әсіресе әдебиеттанушыларға, шығыстанушыларға, фольклортанушыларға, студенттер мен магистранттарға, Абай шығармашылығы мен парсы әдебиетіне қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-04-4875-9 | 2020 | А5 | 212 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLVIII том. Досжан Д. Абай айнасы.

Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық сегізінші томында Д. Досжанның «Абай айнасы» еңбегі берілді. Еңбекте Абай әлемі – жанның тамағы, жанның жарығы, жүрек сауыты, ақыл қыры, адам саумақ, жүрек айнасы, жан қуаты секілді таным сипаттарына еніп, ақын рухымен іштей шүйіркелесу. Әрі Абай өмірінің ақтаңдақ тұстарын соңғы кезде табылған Тұрағұл, Кәкітай, Ахат деректерімен өрнектеу. Жанры жаңа заман биігінен ақын өміріндегі кезенді оқиғаларға табан тірей отырып, Абай болмысын ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу десе болады. Кітап зерттеушілерге, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға Абай шығармашылығына қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-04-4876-6 | 2020 | А5 | 384 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XLIX том. Сүйіншәлиев Х.Ж. Абайдың қара сөздері.

Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының қырық тоғызыншы томында Х.Ж. Сүйіншәлиевтің 1956 жылы жарық көрген «Абайдың қара сөздері» еңбегі берілді. Кітапта Абай қара сөздерінің мазмұны, түрі, стилі, тілі туралы мәселелер терең әрі жан-жақты зерттелген. Ақын творчествосын толық бейнесінде көрсету үшін оның алуан сырлы қара сөзді мұраларын әлі зерттей түсу – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл ретте қолыңыздағы кітап осы саладағы тұңғыш қадам ретінде ғана саналмақ. Кітап студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, филолог-ізденушілерге, ғылыми қауымға және көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4934-3 | 2020 | А5 | 238 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша



Абайтану. Таңдамалы еңбектер.
I том. Ойлар мен толғаныстар
Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының елуінші томы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан», «Абай – рухани реформатор» атты мақалаларымен ашылған. Қазіргі филология ғылымдары саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан белгілі, көрнекті ғалымдардың Абай жылында жазылған және дайындалған зерттеулерінің таңдамалылары топтастырылды. Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларында ізденушілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-04-4948-0 | 2021 | А5 | 240 б.

Түпнұсқа тілі: қазақша
